

Мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен қамтамасыз ету тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 17 маусым N 3037 . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.03.14. N 358 жарлығымен. ~U000358

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын U952730_ іске асыру мақсатында Қаулы Етемін:

Мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен қамтамасыз ету тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің 1996 жылғы
17 маусымдағы N 3037
Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін
зейнетақымен қамтамасыз ету тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

Осы Ереже "Мемлекеттік қызмет туралы" <*> Қазақстан Республикасы

Президентінің Заң күші бар Жарлығының 27-бабына сәйкес мемлекеттік қызметшілерге зейнетақы тағайындау және төлеу шарттарын, тәртібін айқындайды.

<*> Ескерту: Бұдан әрі - Жарлық.

I. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметшілерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы, егер халықаралық келісімдерге (шарттарда) өзгеше көзделмеген болса, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына тағайындалады және төленеді.

2. Мемлекеттік қызметшіге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындалатын еңбек сіңірген жылдарын есептеу Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Мемлекеттік қызметшілерге еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме ақы төлеу үшін мемлекеттік қызмет стажы мен зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеу тәртібі туралы ережеге сәйкес жүргізіледі.

3. Бір мезгілде түрлі мемлекеттік зейнетақы алуға құқығы бар мемлекеттік қызметшілерге олардың таңдауы бойынша бір зейнетақы тағайындалады (қайта тағайындалады).

4. Мемлекеттік қызметшілерге зейнетақылар тағайындауға, оларды өсіруге және төлеуге байланысты осы Ережеде айтылмаған мәселелер зейнетақы заңдарымен реттеліп отырады.

II. Мемлекеттік қызметшілерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақылар тағайындау шарттары мен тәртібі

Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақылар

5. Мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ мемлекеттік қызметті зейнетақы жасына жеткенге дейін тоқтатқан адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы мемлекеттік қызметте еңбек сіңірген жылдары болғанда:

ерлерге - алпыс жасқа толуына қарай және жалпы еңбек стажы кемінде жиырма бес жыл, оның ішінде мемлекеттік қызметте еңбек сіңірген жылдары кемінде он бес жыл болса;

әйелдерге - елу бес жасқа толуына қарай және жалпы еңбек стажы кемінде жиырма жыл, оның ішінде мемлекеттік қызметте еңбек сіңірген жылдары кемінде он бес жыл болса тағайындалады.

6. Мемлекеттік органдардың таратылуына, штатының немесе қызметкерлер санының қысқартылуына қарай қызметтен босатылған және оларды бұдан әрі

жұмысқа орналастыру мүмкін болмаған жағдайда мемлекеттік қызметшілерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы мерзімінен бұрын:

ерлерге - елу сегіз жасқа толуына қарай және жалпы еңбек стажы кемінде жиырма бес жыл, оның ішінде мемлекеттік қызметте еңбек сіңірген жылдары кемінде он бес жыл болса;

әйелдерге - елу үш жасқа толуына қарай және жалпы еңбек стажы кемінде жиырма жыл, оның ішінде мемлекеттік қызметте еңбек сіңірген жылдары кемінде он бес жыл болса тағайындалады.

7. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы Жарлықтың 23-бабының 2-тармағына сәйкес лауазымдық жалақылардан, біліктілік сыныптары үшін қосымша ақыдан, мемлекеттік қызметте еңбек сіңірген жылдары үшін үстеме ақыдан, сыйақыдан және басқа үстеме ақылардан есептелген жалақының, 70 проценті мөлшерінде тағайындалады, бұған еңбекке ақы төлеудің қолданылып жүрген жүйесінде көзделмеген бір жолғы сипаттағы төлемдер (пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақы, демалысқа шыққанда берілетін жәрдемақы және басқалар) кірмейді.

Мемлекеттік қызметті он бес жылдан астам асқаннан кейін мемлекеттік қызметшінің зейнетақысы әрбір еңбек сіңірген жылы үшін зейнетақы есептелген жалақының 1 процентіне өсіріліп отырады. Бұл орайда осындай тәртіппен тағайындалған зейнетақының мөлшері зейнетақы есептелген жалақының 100 процентінен аспауға тиіс.

8. Денсаулық жағдайына қарай отставкада жүрген жоғары санаттағы мемлекеттік қызметшіге, зейнетақы жасына жетуіне қарай, осы Ережеде айқындалған тәртіппен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындалады.

9. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы есептеу үшін зейнетақыға өтініш берер алдындағы мемлекеттік қызметші ретінде соңғы атқарған қызметі бойынша екі күнтізбелік ай үшін немесе зейнетақыға өтініш берер алдындағы соңғы бес жыл ішіндегі мемлекеттік қызметші ретіндегі кез-келген жалақысы неғұрлым жоғары лауазымы бойынша қатарынан екі күнтізбелік айдың орташа айлық жалақысы ескеріледі.

Орташа айлық жалақыға есептелетін сыйақы зейнеткерлікке шыққан айдың алдындағы он екі күнтізбелік ай ішінде төленген сыйақының орташа айлық процентін соңғы күнтізбелік ай үшін орташа айлық жалақыға (сыйақысыз) көбейту жолымен айқындалады. Егер де мемлекеттік қызметші соңғы қызметінде он екі күнтізбелік айдан аз істеген болса, онда сыйақының орташа мөлшері нақты жұмыс істеген айларының санына қарай айқындалады.

Аталған жұмысты екі айдан аз істеген мемлекеттік қызметшіге жалақы осы қызметте нақты жұмыс істеген уақыты үшін есептеледі.

10. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнеткерлігін мемлекеттік қызметші

ретінде жұмыс істеген кезеңінен басқа уақыт үшін ресімдеп жүрген немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақыны зейнетақыға өтініш берер алдындағы соңғы бес жылдағы мемлекеттік қызметтегі кез-келген жалақысы неғұрлым жоғары қызметтегі жалақысынан есептеткісі келетін адамдар үшін зейнетақы мемлекеттік қызметшінің зейнетақы тағайындау уақыттағы тиісті қызметі мен біліктілігі бойынша соңғы екі айдағы (Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің деректері бойынша) орташа жалақысы есебінен есептеледі.

Мүгедектігі бойынша зейнетақы

11. Жалпы ауруы салдарынан бірінші немесе екінші топтағы мүгедек болып қалған, қажетті жалпы жұмыс стажы мен мемлекеттік қызметте осы Ереженің 5-тармағында көзделген еңбек сіңірген жылдары бар мемлекеттік қызметшілерге мүгедектігі бойынша зейнетақы осы Ереженің 7-тармағында көзделген еңбек сіңірген жылдары үшін берілетін зейнетақы тағайындау тәртібі мен мөлшеріне сәйкес тағайындалады.

12. Мемлекеттік қызметте істеген кезеңінде қызмет міндеттерін атқарған кезде еңбек жарақатын алу немесе кәсіптік ауру салдарынан мүгедек болып қалған мемлекеттік қызметшілерге мүгедектігі бойынша зейнетақы осы Ереженің 7-тармағында белгіленген еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау тәртібі мен мөлшеріне сәйкес тағайындалады.

Егер осы аталған себептердің салдарынан мүгедек болып қалған мемлекеттік қызметшінің осы Ереженің 5-тармағында көзделген еңбек сіңірген жылдары үшін қажетті стажы болмаса, онда зейнетақы осы Ережеде айқындалған тәртіппен есептелген жалақысының 70 проценті мөлшерінде еңбек сіңірген жылдарына қарамай тағайындалады.

13. Осы Ереженің 11 және 12-тармақтарында көрсетілмеген басқа себептердің салдарынан мүгедек болып қалған мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ жалпы ауру салдарынан үшінші топтағы мүгедектерге зейнетақы зейнетақы заңдарына сәйкес тағайындалады.

Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы

14. Қажетті еңбек сіңірген жылдары бар немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алып келген мемлекеттік қызметші қайтыс болған жағдайда отбасы мүшелерін зейнетақымен қамтамасыз ету зейнетақы заңдарына сәйкес, асыраушысының осы Ереженің 9-тармағы бойынша есептелген орташа айлық жалақысына қарай жүзеге асырылады.

III. Мемлекеттік қызметшілерге зейнетақы
тағайындау және төлеу тәртібі

Зейнетақы тағайындау және қайта есептеу

15. Мемлекеттік қызметшілерге еңбек сіңірген жылдары үшін (осы Ереженің 5 және 6-тармақтары), сондай-ақ мүгедектігі бойынша (осы Ереженің 11 және 12-тармақтары) зейнетақы мемлекеттік қызметтен босатылғаннан кейін тағайындалады.

16. Осы Ережеге сәйкес зейнетақы тағайындау жөніндегі өтінішті зейнетақыға шығу құқығы туындағаннан кейін ешқандай мерзіммен шектемей жүзеге асыруға болады.

17. Осы Ережеге сәйкес зейнетақымен қамтамасыз етуді халықты әлеуметтік қорғау органдары жүргізеді.

18. Осы Ереже бойынша құжаттарды ресімдеп, оларды халықты әлеуметтік қорғау органдарына зейнетақы тағайындау үшін ұсыну мемлекеттік қызметшінің берген өтініші бойынша оның соңғы жұмыс істеген орнындағы кадр қызметіне жүктеледі.

Осы Ереже бойынша зейнетақыға өтініш берген адам жұмыс істемейтін болса , онда зейнетақы тағайындау туралы өтінішті, барлық қажетті құжаттарымен қоса өзінің тұрғын жеріндегі халықты әлеуметтік қорғау бөліміне тікелей өзі тапсырады.

19. Басқа негіздер бойынша зейнетақы алатын және осы Ереже бойынша зейнетақы алуға құқығы бар мемлекеттік қызметші, оны қайта тағайындату үшін халықты әлеуметтік қорғау бөліміне тікелей өтініш жасайды.

20. Басқа негіздер бойынша зейнетақы алатын және осы Ереже бойынша зейнетақы алуға құқығы бар мемлекеттік қызметшінің зейнетақы заңдарында белгіленген тәртіппен мөлшерде зейнетақыға үстеме есептетуге және зейнетақысын өсіруіне құқығы бар.

21. Осы Ереже бойынша зейнетақы алатын зейнеткер мемлекеттік қызметке қайта оралған жағдайда, кейіннен қызметтен босанған кезінде оған зейнетақы таңдау құқы беріледі: оған бұрын тағайындалған зейнетақысының қайтадан төленуі немесе егер ол мемлекеттік қызметте кемінде екі жыл қайтадан істеген болса, осы Ережеде белгіленген ережелер мен нормалар бойынша зейнетақы жаңадан тағайындалуы мүмкін.

22. Осы Ереженің шарттарына сәйкес тағайындалған зейнетақы зейнетақы заңдарында айқындалған тәртіппен өсіріледі.

Зейнетақы төлеу

23. Осы Ереженің шарттарына сәйкес мемлекеттік қызметшіге тағайындалған зейнетақы, ол мемлекеттік қызметші ретінде еңбек қызметін жалғастырған жағдайда, 50 процент мөлшерінде төленеді.

Қалған жағдайларда аталған зейнетақылар толық мөлшерінде төленеді.

24. Осы Ереженің 5,11,12-тармақтарына сәйкес тағайындалған зейнетақылар төлеуді қаржыландыру Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарында көрсетілген мөлшерінің шегінде Қазақстан Республикасының зейнетақы қорының қаражатынан, осы зейнетақылар мөлшерінің қалған бөлігін, сондай-ақ осы Ереженің 6-тармағында көзделген зейнетақыларды қаржыландыру зейнетақы жасына жеткенге дейін (осы Ереженің 5-тармағы) - республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатынан жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК